

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2017

УДК 61(07)

С. М. Арапбай, К. Ж. Абдрахманова, А. Бадел

ҚОҒАМДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ДҮРІС БАҒЫТЫ – БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ КЕПІЛДІК

Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Мақала медицина саласындағы әлеуметтік білім берудің ролі мен тұлғаны әлеуметтендіру мәселесіне арналған. Жоғары медициналық оқу орындарында гуманитарлық пәндерді оқытудың жаңа көзқарастары мен әдістері, рухани құндылықтардың саламатты өмір салты үшін маңызы сипатталған.

Рухани білім мен тұлғаны әлеуметтендірудің маңызы үлкен. Мысалы, деңсаулық дүріс ойлауға байланысты деген көзқарас бар, себебі ойлаудың бір біріне мұлдем керегер жағымды және теріс жақтары өзара тығыз байланысты. Ойлаудың әртүрлі формаларын талдай отырып, рухани-тарихи мұрасын, рухани құндылықтарын түсіне білу қажет.

Рухани құндылық – тәрбие, үлттық дәстүрлер, тіл мен білім жиынтығы, ол үлттық бірегейлікті құрайды.

Кілт сөздер: рухани дерпт, айқын ой-сана, дene ауруы, имманентті

Адамзат «саналы адам» деңгейіне жеткеннен бастап білім беру мәселесі қоғам дамуының өркениетке үмтұлысында да, жеке тұлғалардың әлеуметтенуінде де ең басты маңызға ие болатын үдерістердің бірі болып саналады. Бірақта, қоғам дамуының әртүрлі формацияларына байланысты адамзаттың әлеуметтенуіндегі білім беру үдерісі тек шектеуіл формада ғана көрініс тауып отырды, яғни кез келген адамның қолы жете бермейтін дүние болып есептелді. Білім беру үдерісінің қаншалықты пайдалы екендігін көзі ашық ғалымдар мен биліктің тізгінің қолына ұстаған шағын топ **элиталар** өте жақсы түсінімен, тарих беттерінен қарпайым халықты жаппай біліммен сауаттандыруға олардың соншалықты асықпағандығын көреміз. Әрине, қарапайым халықты біліммен қаруландырудың арты неге әкеліп соғатындығын олар өте жақсы түсінді. Солай бола тұрсада адам табиғатының бірнәрсені білуге деген құлышынысы, еркіндікке деген үмтұлысы, ақиқаттың мәңгі екендігіне деген олардың сенімдері қарсылық танытқандардың кедергілеріне мұлдем мойын-сұнбауға алып келді. Кейбір жағдайларда танымал ғалымдар өз өмірін ақиқат жолына құрбан етіпте жатырды. Ұақыт өте осы жағдайды жете түсінген кейбір қоғам өкілдері адамдардың қоғамдағы алар орнына және олардың ешбір мәртебесіне қарамай тен құқықта білім алуы міндетті екендігін, яғни мемлекет экономикасының негізгі көзі адами ресурста жатырғандығын ұғына бастады. Ал адами ресурстың құатты құшке айналуы әрине, ол үлттың, оның ішінде әрбір адамның деңсаулығымен тікелей байланысты болатын. Осыны түсінген қазақ халқы «бірінші байлық деңсаулық», - деп орынды айтқан болатын [5].

Әрине, толық қанды білім алу мүмкіндіктеріне кез келген қоғам қол жеткізе алмады. Оның себептері өте көп, мысалы: кейбір мемлекеттер табиғи ресурстарға бай бола тұрғанымен түкке тұрғысыз, мағынасы жоқ саяси идеологиялардың құрсауынан шыға алмаса, ал басқалары халқына тегін білім берудің пайдасы шаш етектен екендігін түсінгенімен бірак, оларға өмір сүріп отырған мемлекеттерінің табиғи ресурстары айтарлықтай мүмкіндік бермеді. Әрине, бұл өте құрделі мәселе. Мемлекетаралық саяси мәдениеттің негізінде дипломатиялық шеберлікті пайдалана отырып бұл мәселені шешпесе оның арты сау ақылға сыймайтын жанжалдарды тудыруы таң қалдырмайтын дүние болатын. Соңдықтанды, екі дүние жүзілік соғыс осының күәсі болмақ. Соғыс орын алған жерде адами құндылықтар аяқ асты болып, салауатты өмір салты көзден бұлбұл ұшады.

Әрине, мемлекетіміз Кеңес үкіметі құрамында болған жылдары білім беру үдерісі тегін болғандығын, сонымен қатар кеңестік саяси-идеология одақ халықтарын жаппай сауаттандыруға бет бұргандығын мойындауымыз керек. Солай бола тұрсада Кеңес үкіметінің ғұмыры ұзаққа бармады. Себебі, сол кездегі басқарушы әліттаның орны толmas қателіктерінің бірі ұлт мұддесімен, үлттың рухани құндылықтардың мұлдем санаспауында жатырған болатын [3]. Кеңестік саяси идеологияның бас-аяғы жоқ мазмұнсыз ғылыми, салауатты өмір салты үлттық болмысты сомдаудағы рухани құндылықтардың сұраныстарын қанағаттандыра алмады. Сонымен қатар еріксіз алынған білімдердің кейбір идеялары үлттың ойлау мәдениетінің азына, рухани жан дүниесінің

Медицинское и фармацевтическое образование

куйзелісіне алып келді. Осы арадан білім беру үдерісінің сапасы мен пайдасы оның тегін немесе ақылы болуында емес, мазмұнында жатырғандығын көруге болады. Білім беру үдерісінің мазмұны қашшалықты бай болып, ұлттың рухани құндылықтары бойынша сұраныстарын қанағаттандыра алған болса, соған сай сол мемлекеттің болашығы, ондағы өмір сүріп отырған әрбір азаматтың денсаулығы соншалықты жоғары деңгейде орын алады. Осы мақсатта білім беру үдерісінің мазмұның ашып көрсете отырып, оның медицина саласымен тығыз байланыста екендігіне тоқталу.

Жалпы адам болмысына тән аурудың үш түрі болатындығы ерте заманнан-ақ белгілі бола бастады. Олардың қатрына: тән ауруын, жан ауруын және рухани ауруды жатқызуға болады [8]. Бұл үш аурудың түрі бір-бірімен өзара тығыз байланыста болып қана қоймай, олардың еміде бір-біріне тікелей тәуелді болып келеді. Қоғамдағы өркениеттің орын алуына байланысты бұл үш ауруға қарсы көрсетілетін емнің шаралары мен нәтижелеріде әртурлі деңгейде өзгеріп отырады. Кейір заманың талабы адамзатты рухани аурудан құтқаруға көбірек күш жұмсаса, ал кейір заманда рухани ауруға мұлдем көз жұма қарап, басты назарды тән немесе жан ауруларына көбірек аударып, рухани ауру адам сансынан мұлдем тысқары қалып жатады. Расында, бүгінгі таңда медицина саласы осы үш аурудың ішіндегі тән және жан ауруына барынша көп көніл бөлуде. Қазіргі таңда жаңа технологиялардың дамуы медицина саласына үлкен секірістер әкеліп қана қоймай, сонымен қатар заманында шешімі жоқ қасиетке айналған көптеген аурулардың бетін қайырды деуге болады. Бірақ мәселе онымен женілдеген жоқ, керінше, арта түсті. Медицина, фармакология, химия ғылымдарының қарқындан дамуы тек пайдалы ғана дәрі-дәрмектерді тудырып қоймай, адам ағзасына кері әсерін тигизетін дәрі-дәрмектердің және аурулардың жаңа түрін алып келді. «Ауру астан», деп халқымыз айтқандай сапалы тағамдардың орның ендігі жерде әртурлі жасанды дәрі-дәрмектер мен генетикалық модификациялардырылған өнімдер ауыстырыды. Осы арада ойдың сау ақылда тууы ол жеген тамағының сапасы мен тазалығына тікелей байланысты екендігін ұмытпаған жөн. Сондықтанда, ислам мәдениеті халал тағамды жеуді талап етеді. Себебі, қанның тазалығы жеген тағамының тазалығына тікелей байланысты болмақ. Осылайша келіп, таза қаннан таза ой тудады.

Халқымызыда осыған байланысты тектілік деген ұфым қалыптасқан, яғни тектілік ол адамның байлығына, шығу тегіне емес, осы қанының тазалығы мен дұрыс ой тудыра алуына байланысты айтылған ұфым [4]. Заманында бұл мәдениетті біздің бабаларымызыда тек құптағ қана қоймай, сол дәстүрді тәжірибе жүзінде ұстанғандығын көреміз. Ұлттымыз адам айтса нанғысыз ерекше демократиялық қоғамды қалыптастыруы осының жемісі болар. Яғни, қазіргі қоғаммызыда орын алып отырған көптеген әлеуметтік өзекті мәселелер, яғни алкоголизм, наشاқорлық, жетім балалар мен қарттардың қараусыз қалуы, девиантты және деликвентті міңез-құлыштардың шектен тыс орын алуы тәрізді т.б жағымсыз әрекеттер тәуелсіздігімізден айырылғанша мұлдем орын алмағандығын көреміз.

Жалпы денсаулықтың басы дұрыс ойланудан баталады. Себебі, ойлану адамға ғана тән имманентті құбылыс болмақ. Бірақ, ойдың позитивті және негативті түрлері болмақ. Ал адамның табиғаты өтірік айтуға, біреуге жамандық жасауға және осы тәрізді әрекеттерді тудыратын зұлым ойлармен өмір сүрге үзілді-кесілді жараплаған. Оған дәлел ретінде халқымызыда мынадай керемет ой бар, яғни адам тәні еңбекті демалыссыз атқаруға жараплаған, сондықтанда ағзалардың барлығы белгілі бір биологиялық тәртіптің негізінде әлсіреген кезде тоқтап, демалып болған соң қайта жанданып жұмыс атқарады. Бірақ, адам ағзасында бір орган мұлдем демалыссыз жұмыс атқарады, яғни ол – жүрек болмақ. Жүрек дұрыс ой, адаптіс-әрекет, көтерінкі көніл-күй және пәк сезім тәрізді позитивті әрекеттердің арқасында демалыс табады. Осылайша адам организімі мен табиғат және қоғам арасындағы үйлесімді өзара байланыстарының нәтижесінде салауатты өмір салты қалыптасып, медицина саласының жұмысы оңға басады. Ол үшін медицина ғылыми ойдың құрылышына ғана емес, сонымен қатар табиғи болмысына, мәніне көп назар аудару қажет.

Жалпы адамзатқа тән ойланудың екі-ақ формасы бар. Бұлар, абстракттылы және нақтылы ойлау формалары. Өз заманында көптеген философ ғалымдар, әсіресе кейінгі Кеңес Одағы дәүірінде өмір сүрген ғалымдар ойлаудың бұл екі формасын тек сынға ғана алып қоймай, екеуін мұлдем бөліп қарастыруға тырысты. Әрине, бұл сау ақылға қонымыздан дүние, бірақ олардың осындағы әрекетке барғандығы ол шындық болып қала бермек. Ойды осылайша бөліп-жарудың акыры

адамдардың бір затты немесе бір дененіде екіге бөліп қарауына алғып келді. Бұл көқастың салдары бір денені екіге бөліп қарастырып қана қоймай, оларды бір біріне қарсы қойды немесе бір жақтылықпен қарастыруға тырысты. Өзінің даму барысында медицина ғылымыда осындай әрекеттерге бой алдыраған болатын. Соның себебіне тоқталсақ.

Ойлаудың бұл екі формалары арасынан тарихи сабактастықты көруге болады. Сонымен қатар, ойлаудың бұл екі формасының мәні бір біріне мүлдем ұқсамайтындығында, дей түрғанмен олар бір бірімен қалай болғандада өзара тығыз байланыста болуы қажет. Олардың басын біріктіретін күш ол біздің сау ақылымыз болмақ. Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай сау ақыл – әрбір затты, іс-әрекетті қарстыраңда бір жақтылықта бой алдырмаң, ақиқаттың астарында ой қорытындылау [6]. Сондықтанда, ғылыммен айналысу барысында біржактылықта, сынарезулікке салыну ол әлеуметтік мәселелердің шиеленісіне, оның ақыры қоғамның салауатты толық қанды өмір сүре алмауына зор ықпалын тигізеді. Тарихи сабактастық үзілген жерде адам тәні мен жаны сырт көзге сау болып көрінгенімен раухани ауруға шалдығады. Қазіргі медицина осы мәселеге көп көңіл аударуы қажет. Бүгінгі таңда кеңінен етек алғып отырған ЖИТС, наркомания, алкоголизм, жүйкенің бұзылуынан орын алатын жаннның әртүрлі аурулары раухани деңгейіміздің кенжелеп қалуынан орын алуша. Сонымен қатар, осы тәрізді аурулардың қатары қоғамымызда девиантты міңез-құлыштардың күрт өсуіне және оның арты деликвентті қылмысқа алғып келетіндігі түсінкіт жағдай [1].

Рухани аурудың басты емі ол рухани құндылықтарды игеру болмақ. Рухани құндылықтардың қатарына: тәрбие, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл тәрізді ұлттық болмысты қалыптастыратын белімдердің жиынтығын жатқызуға болады. Ғылыммен осы құндылықтардың арасында өзара байланыс және тарихи сабактастық болу үшін гуманитарлық ғылымдар көмеке келеді. Бірақ бүгінгі таңда гуманитарлық ғылымдардың беделі жаратылыстану ғылымдарының адында жоқтың қасында деуге болады. XXI ғасыр бұл технократтардың үстемдік еткен қоғами. Егер осыны ескерер болсақ гуманитарлық ғылымдар жаратылыстану ғылымдарының ықпалынан асалмайтын, басыбайлы қызметшісі ретіндегі функцияны атқармай бағыт-бағдар беріп отыратын ролге ие болуы қажет еді.

Адам тәніде осыған ұқсас қүйді кешуде. Яғни, тән мен жаннның материалдық сұраныстарынан асалмай өз бойына рухани құндылықтардың нәтижесінде шешілуге тиісті барлық керек емес ауруларды жинап алды. Рухани ауруды емдеуге жаратылыстану ғылымдарының қауқары әлсіз болатын. Себебі, барлық жаратылыстану ғылымдарының табиғаты өз бойына ойланудың нақты формасын көбірек қажет етеді. Бұл дегеніңіз қолда бар нақты деректерге, оқығаларға, әртүрлі статистикаларға сүйене отырып әлеуметтік мәселелерді шешу, аурулардың емін табу. Кез келген объект, ол – мұзтау тәрізді. Мұзтаудың сыртқы қорінің қаншалықты үлкен болса, оның негізгі екі есе бөлігі теніз астында жасырынып жатыраған болатын. Осы тәрізді әлеуметтік мәселелер мен қоғамға үрей тудырып отырған аурулардың негізгі екі есе бөлігі біздің теніз тәрізді рухани әлемімізде жасырынып жатыраған болатын. Жаратылыстану ғылымдары рухани әлемімізге бойлап баруы мүмкін, бірақ әрбір ғылымның саласы одан тек өзіне керек идея мен деректерді ғана алғы шыға алады. Себебі, ғылымның басты әдіс-құралы, ол - анализ болып табылады, яғни кез келген объектіге, мәселеге талдау жасай отырып, қателікті анықтау және оны қолдан келгенше жою, емдеу. Біздің міндетіміз әлеуметтік мәселелерді шешіп немесе ауруды емдең қана қою емес, оның жан-жаққа тараған, тереңге бойлаған тамырын ауыздағықтау. Ол үшін білім берудегі маңызды әдіс синтезben көбірек жұмыс жасау керек. Яғни, анықталған объектімен жұмыс жасау барысында барлық ғылымды, оның ішінде гуманитарлық ғылымды жұмылдыра білу қажет. Синтез әдісі өзіне көп жағдайда ойлаудың абстрактылы формасын қажет етеді. Синтез әдісі арқылы абстрактылы ойлау ол гуманитарлық ғылымдардың басты құралы болмақ. Осы арада гуманитарлық ғылымдар жаратылыстану ғылымдары мен ұлттық болмысты құраушы белімдер жиынтығы арасындағы қатынастарды бір бірімен байланыстырып түрратын функцияны атқару керек.

Кез келген оқытушының міндеті студенттің ойлай мәдениетінде синтез әдісімен жұмыс жасауды, яғни өзгеде салаларды біріктіре отырып мәселені жан-жақты шешуге тәрбиелеу. Ол үшін студенттің ойлау мәдениеті бай болу қажет. Ойлау мәденетті дамытудың ең бір басты құралы ол абстрактылы ғылымдармен жұмыс жасай алуында, яғни олардың мәнін түсіне білуінде. Абстрактылы ғылымдардың қатарына: Құдай, өмір сүрге

Медицинское и фармацевтическое образование

қайрат беретін әртүрлі аңыз ертеғілер, еркіндік, махаббат, наымыс тәрізді адами құндылықтар кіреді. Егер сәби бала күнінде аңыз-ертеғілерге сусындал өспесе, ол балада арманда болмайды. Бүгінгі жастардың суецидке жиі ұрынуы олардың арманы мен сенімі таусылғандығын көрсетеді. Арманы, сенімі және үміті тәрізді ұғымдар адамдар бойынан жойылған кезде медицина деңгейі қашшалықты жоғары болғанымен оларға қайрат беруге дәрменсіз болып келеді. Адам ендігі жерде тән мен жаннан тұрған, бірақ бойында ешбір адами құндылықтардан жүрдай тірі өлікке айналады. Медицина тірі өлікке өмір сыйлауы мүмкін, бірақ бақыт сыйлай алмайды. Сондықтанда, Елбасының 2030 стратегиялық бағдарламасы аңызben астарласып, яғни тау шынын мекендереп, тазалыққа бой үйреткен, өзі шапшан, жауына үрей тудыратын қанатты барысқа теңеуіде содан болатын [7].

Қорыта айтқанда медицина саласы адамның рухани құндылықтарына, ұлт болмысына аса назар аударып өркениетке ұмтылуы қажет. Ол үшін ұлттың болмысын қалыптастырған білімдермен тарихи сабактастық болуы қажет. Тарихи сабактастықтың басты құралына барлық гуманитарлық ғылымдарды жатқызуға болады. Өз кезегінде гуманитарлық ғылымдар басқа елдердің немесе жаратылыстану ғылымдарының жаңа идеяларын, жаңа көзқарастары мен жүйелерін ұсынар алдында ұлт болмысымен, ділімен және олардың ойлау мәдениетін бірінші орынға қойып ескеріп, санасып отыруы қажет. Тек осы бағытта ғана жұмыс істегендеге Елбасының өзі айтқанда «Мәңгілік Ел» идеясын толық қанды жүзеге асыра аламыз [2].

ӘДЕБІЕТ

1 В Казахстане стало больше ВИЧ-инфицированных [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.31.kz/video/show/id/14260/show/ib>

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Э. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Жолдауы. – Астана, 2013. – 23 б.

S. M. Aralbai, K. Zh. Abdurakhmanova, A. Badel

CORRECT DIRECTION OF THE INNOVATIVE EDUCATIONAL PROCESS IN THE SOCIETY IS A GUARANTEE
IN THE HEALTHCARE SPHERE

Department of history of kazakhstan and social-political disciplines of Karaganda state medical university
(Karaganda, Kazakhstan)

The article is devoted to the role of social education of the society and the socialization of the individual in the field of medicine, describes the latest views and methods of teaching the humanities in higher medical schools, the importance of spiritual values for a healthy lifestyle.

3 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгे дейін: 5 томдық /Бас ред. алқа: М. Х. Асылбеков. – Алматы: Атамұра, 2010. – 751 б.

4 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Бас ред. Ә. Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. – VIII том. – Б. 123.

5 Қазақша мақал-мәтел: Денсаулық. [Ақпарат көзі]. – <https://www.zharar.com/kz/>

6 Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. Алматы, 1988.– 339 б.

7 Назарбаев Н. «Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 92 б.

8 Наукастар не себепті тәуіптен емделіп кетіп жатыр? [Ақпарат көзі]. -<http://asylarna.kz/maqala/maqalainfo/44>

REFERENCES

1 There are more HIV-infected people in Kazakhstan [Electronic resource]. - Access mode: <http://www.31.kz/video/show/id/14260/show/ib>

2 The Messages of the President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan «Kazakhstan way-2050: Unified goal, common interests, common future». – Astana, 2013. – 23 p.

3 History of Kazakhstan from ancient times to the present day: 5 volumes /Ed. M. H. Asilbekov. – Almaty: Atamura, 2010. – 751 p.

4 «Kazakhstan»: National encyclopedia / Ed. A. Nisanbaev – Almati «Kazakh encyclopedia», 1998. – V. VIII. – P. 123.

5 Kazakh Proverbs and sayings: Health. [Electronic resource]. – <https://www.zharar.com/kz/>

6 Kudaiberdiev S. H. Compositions / poems, epos, prose/. – Almata, 1988.– 339 p.

7 Nazarbaev N. «Kazakhstan-2030» Messages of the President to the people of Kazakhstan. – Almaty: Bilim, 1998. – 92 p.

8 Why do so many people turn to psychics and they become better? [Electronic resource]. – <http://asylarna.kz/maqala/maqalainfo/44>

Поступила 05.04.2017

Медицинское и фармацевтическое образование

Of no small importance is spiritual education and the socialization of the individual. For example, there is a point of view that health depends on right thinking, since there are positive and negative aspects of thinking that are completely different from each other, but are closely interrelated. By analyzing different forms of thinking, one must see the spiritual-historical continuity, understand spiritual values.

Spiritual value is the totality of such values as upbringing, national traditions, language and the totality of knowledge forming a national identity.

Key words: spiritual illness, healthy mind, bodily disease, mental illness, immanent

С. М. Арапбай, К. Ж. Абдрахманова, А. Бадел

*ПРАВИЛЬНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ОБЩЕСТВЕ – ГАРАНТИЯ
В СФЕРЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ*

Кафедра истории Казахстана и социально-политических дисциплин Карагандинского государственного медицинского университета (Караганда, Казахстан)

Статья посвящена роли социального образования общества и социализации личности в сфере медицины, описаны новейшие взгляды и методы преподавания гуманитарных наук в высших медицинских учебных заведениях, важность духовных ценностей для здорового образа жизни.

Немаловажное значение имеет духовное образование и социализация личности. Например, существует точка зрения, что здоровье зависит от правильного мышления, так как есть положительные и отрицательные стороны мышления, которые совершенно не похожи друг на друга, но при этом тесно взаимосвязаны между собой. Разбирая разные формы мышления необходимо видеть духовно-историческую преемственность, понимать духовные ценности.

Духовная ценность – это совокупность таких ценностей, как воспитание, национальные традиции, язык и совокупность знаний, формирующих национальную идентичность.

Ключевые слова: духовная болезнь, здоровый разум, телесная болезнь, душевная болезнь, имманентный